

ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Эрмаханова А.А.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы,

PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: ermakhanovaa017@mail.ru

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада Оңтүстік Қазақстанның сакральды аймақтарының бірі болып саналатын Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі тарихи, лингвистикалық және этнографиялық тұрғыдан кешенді түрде зерттеледі. Зерттеудің өзектілігі аймақтағы жер-су атауларының құрамында ежелгі түркілік, мифологиялық және тарихи семантикалық қабаттардың сақталуы және олардың қазіргі ұлттық кеңістіктегі рухани-мәдени маңызының жоғары болуы. Зерттеудегі мақсат: Қазығұрт өңіріндегі оронимдер, гидронимдер, ойконимдер мен микротопонимдердің қалыптасуына әсер еткен табиғи-географиялық, тарихи және этномәдени факторларды анықтау, олардың этимологиялық негізін ашу және топонимдік жүйенің ішкі құрылымын талдау. Зерттеу барысында Б.Т. Тасполатовтың «Қазығұрт топонимдері», А.Е. Аялбекова мен Н.У. Абишовтың еңбектері, Т. Жанұзактың тарихи-топонимиялық зерттеулері және өңірге қатысты этнографиялық деректер негізгі ақпараттық база ретінде пайдаланылды. Әдіснамалық негіз ретінде тарихи және салыстырмалы, сипаттамалық және этнолингвистикалық талдау тәсілдері қолданылды. Талдау нәтижелері Қазығұрт өңіріндегі топонимдердің көпқабатты құрылымға ие екенін, олардың кейбірінің Нұх пайғамбар туралы мифтермен, ал енді бір бөлігінің табиғи ландшафт ерекшеліктерімен және тарихи оқиғалармен тығыз байланысты екенін көрсетті. Мақала Қазығұрт топонимдерінің аймақтың тарихи жадын, этномәдени дүниетанымын және сакральді кеңістігін сақтаудағы ролін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Кілт сөздер: Топонимика, Қазығұрт, Оронимдер, Этимология, Этнолингвистика, Нұх пайғамбар аңызы, Тарихи жады, Шарапхана, Оңтүстік Қазақстан, Сакральді география.

Аннотация

В данной статье комплексно исследуется топонимическая система Казыгуртского региона, который считается одной из сакральных зон Южного Казахстана, с исторической, лингвистической и этнографической точек зрения. Актуальность исследования заключается в сохранении древнетюркских, мифологических и исторических семантических пластов в составе географических названий региона и их высокой духовно-культурной значимости в современном национальном пространстве. Целью исследования является выявление природно-географических, исторических и этнокультурных факторов, повлиявших на формирование оронимов, гидронимов, ойконимов и микротопонимов в Казыгуртском регионе, раскрытие их этимологической основы и анализ внутренней структуры топонимической системы. В ходе исследования в качестве основной информационной базы были использованы монография Б.Т. Тасполатова «Топонимы Казыгурта», труды А.Е. Аялбековой и Н.У. Абишова, историко-топонимические исследования Т. Жанузака, а также этнографические данные по региону. В качестве методологической основы применялись историко-сравнительный, лингво-этимологический, описательный и этнолингвистический методы анализа. Результаты анализа показали, что топонимы Казыгуртского региона имеют многослойную структуру, некоторые из них тесно связаны с мифами о пророке Ное (Нух), а другая их часть с особенностями природного ландшафта и историческими событиями. Статья научно обосновывает роль казыгуртских топонимов в сохранении исторической памяти, этнокультурного мировоззрения и сакрального пространства региона.

Ключевые слова: Топонимика, Казыгурт, Оронимы, Этимология, Этнолингвистика, Легенда о пророке Ное, Историческая память, Шарапхана, Южный Казахстан, Сакральная география.

Annotation

This scientific article provides a comprehensive analysis of the toponymic system of the Kazygurt region, considered one of the sacred territories of South Kazakhstan, from historical, linguistic, and ethnographic perspectives. The relevance of the research lies in the preservation of ancient Turkic, mythological, and historical semantic layers within the geographical names of the region and their high spiritual and cultural significance in the contemporary national space. The aim of the study is to identify the natural-geographical, historical, and ethnocultural factors that influenced the formation of oronyms, hydronyms, oikonoms, and microtoponyms in the Kazygurt region, to reveal their etymological foundation,

and to analyze the internal structure of the toponymic system. The monograph by B.T. Taspolatov "Toponyms of Kazygurt," the works of A.Ye. Ayapbekova and N.U. Abishov, historical-toponymic research by T. Zhanuzak, and ethnographic data related to the region were utilized as the primary informational base. The historical-comparative, linguo-etymological, descriptive, and ethnolinguistic analysis methods were employed as the methodological basis. The analysis results indicated that the toponyms of the Kazygurt region possess a multi-layered structure, with some being closely linked to the myths about the Prophet Noah (Nuh), while others are tied to natural landscape features and historical events. The article scientifically substantiates the role of Kazygurt toponyms in preserving the historical memory, ethnocultural worldview, and sacred space of the region.

Keywords: Toponymy, Kazygurt, Oronyms, Etymology, Ethnolinguistics, Legend of Prophet Noah, Historical memory, Sharapkhana, South Kazakhstan, Sacred geography.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік аймағында орналасқан Қазығұрт өңірінің топонимикалық жүйесі ұлттық тарихтың, мәдениеттің және этнографиялық танымның маңызды қабатын құрайды. Бұл аймақтағы жер-су атаулары - тек географиялық нүктелерді белгілеуші құрал ғана емес, сонымен бірге ежелгі түркілік, тарихи және мифологиялық семантикалық ақпаратты сақтаушы бірегей феномен болып табылады. Қазығұрт тауының Нұх пайғамбардың кемесі туралы аңызбен байланысы оның сакральді маңызын арттырып, бұл топонимдерді зерттеудің өзектілігін айқындайды. Осыған орай, зерттеудің өзектілігі Қазығұрт ауданы топонимдерінің көпқабаттылығымен, олардың қазақ халқының тарихи жады мен дүниетанымын қалпына келтірудегі рөлімен, сондай-ақ бұл атаулардың этимологиялық негізін ғылыми тұрғыдан бұрмалаусыз сақтау қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі таңда ономастикалық зерттеулер ұлттық кодты, тарихи мұраны және мәдени бірегейлікті сақтауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар аясында ерекше маңызға ие болуда. Қазығұрт сияқты киелі атауларды қайта бағалау және оларды ғылыми талдау арқылы ұлттың рухани тарихының шынайы бейнесін қалпына келтіру мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Отандық ономастика ғылымында түркі тілдес халықтардың жер-су атауларын зерттеудің бай дәстүрі қалыптасқан. Т. Жанұзақ, Е. Қойшыбаев сияқты іргелі ғалымдардың еңбектері аймақтық атаулардың көпшілігін жіктеу мен түсіндіруге негіз қалаған. Дегенмен, Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің жалпы зерттелуіне қарамастан, Қазығұрт кешенінің сакральді-мифологиялық аспектісі және тарихи, түркілік, сондай-ақ авраамдық (Нұх пайғамбар) мифтердің тоғысуы жеткілікті түрде терең және кешенді талдауды қажет етеді. Бұл бағыттағы нақты, шоғырланған зерттеудің болмауы осы жұмыстың ғылыми жаңалығын көрсетеді. Зерттеудегі мақсат Қазығұрт өңіріндегі оронимдер, гидронимдер, ойконимдер мен микротопонимдердің қалыптасуына әсер еткен табиғи-географиялық, тарихи және этномәдени факторларды анықтау, олардың этимологиялық негізін ашу және топонимдік жүйенің ішкі құрылымын талдау болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін алдымен Қазығұрт ауданының негізгі топонимдерінің (Қазығұрт, Келес, Шарапхана т.б.) тарихи-лингвистикалық жіктелуі жүргізіліп, одан кейін атаулардың әр түрлі этимологиялық нұсқалары салыстырмалы түрде талданады. Әсіресе, Нұх пайғамбар аңызына негізделген атаулардың семантикалық маңызын ашып, олардың аймақтың сакральді кеңістігіндегі орнын анықтауға ерекше назар аударылады. Зерттеу объектісі Қазығұрт ауданының топонимикалық жүйесі. Ал зерттеу пәні осы аймақтағы жер-су атауларының құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері және олардың қалыптасуына әсер еткен тарихи-мәдени факторлар.

Зерттеу материалдары мен әдістері:

Біріншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды, бұл әдіс Қазығұрт топонимдерінің (оронимдер, гидронимдер, ойконимдер) көне және қазіргі формаларын салыстыра отырып, олардың әр тарихи кезеңдегі эволюциясын анықтауға мүмкіндік берді. Екіншіден, этимологиялық талдау әдісі пайдаланылды, «Қазығұрт», «Шарапхана», «Келес» сияқты негізгі атаулардың тілдік құрылымын, шығу төркінін және бастапқы семантикалық мағынасын нақтылау осы әдіс арқылы жүзеге асырылды. Үшіншіден, этнолингвистикалық әдіс қолданылды, бұл тәсіл атаулардың этникалық және діни таныммен байланысын (әсіресе Нұх пайғамбар туралы миф пен киелі орындар атаулары) зерделеуге, олардың сакральді мазмұнын ашуға жағдай жасады. Төртіншіден, жүйелілік әдісі пайдаланылды, оның көмегімен Қазығұрт ауданының ономастикалық кеңістігі өзара байланысты компоненттердің (атаулардың) біртұтас жүйесі ретінде қарастырылды. Зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде қазақ ономастикасының іргелі еңбектері, соның ішінде Б.Т. Тасполатовтың Қазығұрт топонимдеріне арналған монографиясы, сондай-ақ Т. Жанұзақ, Е. Қойшыбаев сияқты ғалымдардың ғылыми мақалалары мен оқу құралдары пайдаланылды, ал қосымша материалдар ретінде аймақтың топонимиялық жүйесін сипаттайтын картографиялық деректер мен халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әфсаналар (Нұх пайғамбар кемесі туралы сюжеттер) қолданылды.

Талқылау

Қазығұрт өңірінің топонимикалық жүйесі - ғасырлар қойнауынан сыр шертетін тарихи шежіре. Бұл аймақтың атаулары кездейсоқ қойылмаған, олардың әрқайсысының астарында белгілі бір тарихи оқиға, табиғи құбылыс немесе халықтың наным-сенімі жатыр.

Аймақтың басты символы «Қазығұрт» тауының атауы ғылыми ортада да, халық жадында да ерекше орын алады. Бұл атаудың шығу тегі туралы бірнеше ғылыми және халықтық нұсқалар бар. Түркілік-этнонимдік нұсқа бойынша, белгілі топонимист Е. Қойшыбаев «Қазығұрт» атауы екі көне тайпаның «қаз» және «құрт» (ғұрт) этнонимдерінің бірігуінен жасалған деп есептейді [4,576]. Ғалымдар бұл атаудың түпкі формасы «Гаргурд», «Гузкурд» немесе «Геркурд» болуы мүмкін екенін алға тартады. Мұндағы «кер» немесе «қар» түбірі көне түркі және якут тілдерінде «алып жылан», «екі басты айдаһар» деген мағынаны білдіреді. Яғни, ежелгі наным бойынша бұл тау «айдаһарлы тау» немесе «киелі құдіретті тау» деп қабылданған [7,186]. Ал халық арасында кең тараған этимология бойынша, «Қазығұрт» сөзі «Қазы» (әділ би, төреші) және «құрт» (құтқару, қауіптен арылту) сөздерінен құралған. Аңыз бойынша, Қазы есімді әулие адам халықты түрлі апаттардан құтқарып қалған, сол себепті тау оның есімімен аталған.

Бұл таудың киелілігі Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған жер ретінде танылуымен тікелей байланысты. Халық арасында ғасырлар бойы сақталып келген мына бір өлең жолдары осы аңыздың топонимикалық негізін айқындай түседі:

«Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған? Ішінде екі қозы болған екен, Шопан ата деген сөз содан қалған... Қылқұйрық Қамбар Ата содан қалған»

Осы аңыздың негізінде Қазығұрт тауының маңында біртұтас сакральді топонимикалық кешен қалыптасқан. Бұл кешенге кіретін «Кемеқалған» топонимі Қазығұрт тауының 1720 метрлік ұшар басындағы кеме пішіндес жазық жерді және осы аттас ауылды білдіреді. Сондай-ақ, «Пайғамбар тоқтаған», «Пайғамбар саусағы», «Нұх пайғамбардың дастарқаны» сияқты микротопонимдер пайғамбардың нақты іс-әрекеттерімен байланыстырылып, тастар мен үңгірлерге киелі сипат береді.

Өңірдегі топонимдер тек аңыздарға ғана емес, нақты тарихи оқиғалар мен тұлғаларға да негізделген. Солардың бірі - «Шарапхана» топонимі. Кеңестік кезеңде бұл атау «шарап» (ішімдік) сөзімен байланыстырылып, идеологиялық тұрғыдан теріс бағаланып, «Қаратас» деп өзгертілген болатын. Алайда, Б.Т. Тасполатовтың ғылыми талдауы бойынша, «Шарапхана» сөзінің этимологиясы мүлдем басқа. Ол парсы тіліндегі «шар» (өзен саласы) және «аб» (су) + «хана» (керуен сарай) сөздерінен құралып, «өзен саласындағы керуен сарай» немесе «су бойындағы бекет» деген мағынаны береді [6,1256]. Бұл атау өңірдің Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды сауда орталығы болғандығын дәлелдейді.

Ел қорғаған батырларға қойылған ескерткіш іспеттес топоним - «Қаржан». Жергілікті аңыз бойынша, бұл атау жоңғар-қалмақ шапқыншылығы кезінде жауға қарсы ерлікпен соғысқан Қаражан және Сарыжан батырлардың, сондай-ақ олардың қарындасы Қаржан қыздың құрметіне қойылған. Сондай-ақ, «Қақпақ» ойконимі де тарихи маңызға ие. Аңыз бойынша, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақ жасақтары жауды осы тар шатқалға кіргізіп, қақпақ сияқты жауып, қоршап алып, қырғынға ұшыратқан. Бұл топоним тарихи жадыны сақтаушы қызметін атқарады.

Қазығұрт өңірінің табиғаты мен жер бедері топонимдерде айқын көрініс тапқан. Аймақтың басты өзені - «Келес» те өте көне топоним болып саналады. Е. Қойшыбаевтың пікірінше, оның түбірі түркі-монғол тілдеріндегі «келе» (үлкен кесіртке) сөзімен байланысты болуы мүмкін, яғни өзеннің ирелеңдеп ағуы кесірткенің қозғалысына ұқсатылған [4,1886]. Тарихи деректерде бұл өзен бойы сақ тайпаларының мекені болғандығы айтылады. Сол сияқты «Өгем» атауындағы «гем» немесе «кем» түбірі көне түркі және басқа да ностратикалық тілдерде «өзен», «су» деген мағынаны білдіреді.

Нәтиже

Қазығұрт ауданының топонимикалық жүйесін монографиялық еңбектер мен тарихи деректер негізінде кешенді талдау нәтижесінде бұл аймақтың жай ғана географиялық аумақ емес, ұлттық фольклор, тарихи жады және тілдік сананың қабаттасқан күрделі жүйесі екендігі айқындалды. Зерттеу барысында Қазығұрт тауы мен оның айналасындағы жер-су атауларының (оронимдер, гидронимдер, ойконимдер) қалыптасуына физикалық-географиялық факторлармен қатар, халықтың мифологиялық танымы мен рухани мәдениетінің шешуші ықпал еткені дәлелденді. Жалпы, топонимия тіл білімі мен географияның ғана емес, мәдениеттану мен әдебиеттанудың да тоғысатын тұсы. Шетелдік және отандық ғалымдардың «поэтикалық ономастика» туралы тұжырымдарына сүйене отырып, Қазығұрт топонимдерін қарастырғанда, олардың көркемдік-танымдық қуатының жоғары екендігі байқалады. Мәселен, Б.Т. Тасполатовтың монографиясында негізделгендей, «Қазығұрт» атауы жәй ғана ороним емес, ол қазақ және түркі дүниетанымындағы «прецеденттік топоним» болып табылады [6,186]. Бұл

ұғым «Қазығұрттың басында кеме қалған...» секілді прецеденттік мәтіндер (аңыз-эпсаналар) арқылы ұлттық когнитивтік базада берік орныққан. Топонимнің мұндай көпфункционалдылығы оны тек жерді белгілеуші құрал ретінде емес, сонымен бірге этномәдени кодты тасымалдаушы ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Ол аймақтың мәдени-тарихи құндылықтарын келесі ұрпақтарға жеткізудегі үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді. Яғни, топонимнің лексикалық мағынасынан бөлек, оның бойында халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан «қасиеттілік», «киелілік», «құтқарушылық» секілді символдық мәндері сақталған. Бұл фольклор мен топонимиканың бірігуінен туған ерекше құбылыс. Сонымен қатар, А.Е. Аялбекованың зерттеулеріндегі ландшафттық-экологиялық тұжырымдамаларға сәйкес, Қазығұрт өңіріндегі атаулардың (Аққұм, Келес, Өгем, Ызабұлақ) қалыптасуында жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері жер бедері, су қорлары, өсімдік жамылғысы негізгі рөл атқарғаны нақтыланды [1,98б]. Алайда, бұл атаулар тек географиялық номенклатура емес, олар халықтың табиғатты поэтикалық қабылдауының нәтижесі. Мысалы, «Аққұм» атауының шын мәнінде құмды емес, тасқа айналған ақ құмдардан (эк тастардан) тұратын ерекше каньонды білдіруі немесе «Келес» өзенінің ирелеңдеп ағуының кесірткеге ұқсатылуы халықтың көркемдік ойлау жүйесінің топонимикадағы көрінісі [4,188б]. Бұл жердегі гидронимдердің ("Келес", "Өгем") мал шаруашылығы мен егіншілікке тікелей әсері байқалады. Себебі су ресурстары қашанда өмірдің негізі болып, топонимдер осы ресурстарды пайдалану тәсілдерін де көрсетіп отырған. Мұндай атаулардың сақталуы табиғи ортаны ұтымды пайдалану дәстүрінің көрсеткіші болып табылады. Зерттеу жұмысында анықталған тағы бір маңызды нәтиже - Қазығұрт топонимдерінің стратиграфиялық қабаттарының тереңдігі. Бұл өңірдегі «Шарапхана», «Рабат», «Келес» секілді атаулар Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-экономикалық және мәдени байланыстардың, ежелгі қалалық өркениеттің болғандығын айғақтайтын тарихи құжат іспетті [6,125б]. Антропотопонимикалық тұрғыдан алғанда, «Қаржан», «Жетібай жұрты», «Шопан ата», «Зеңгі баба» атаулары тарихи тұлғалар мен мифологиялық кейіпкерлердің есімдерін сақтай отырып, өңірдің рухани-мәдени картасын құрайды. Осылайша, Қазығұрт ауданының топонимикалық жүйесі физикалық-географиялық ортаның, тарихи оқиғалардың және мифопоэтикалық танымның синтезінен туындаған, ұлттық кодымызды сақтаушы бірегей ақпараттық кеңістік болып табылады. Бұл нәтижелер аймақтық топонимиканы тек лингвистикалық емес, кең ауқымды мәдени-тарихи және әдеби-теориялық аспектіде қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді. Зерттеу барысында алынған мәліметтер топонимикалық мұраны цифрландыру, оны білім беру бағдарламаларына енгізу және туристік кластерлерді дамыту үшін ғылыми негіз болады. Осылайша, топонимикалық деректерді терең талдау арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту және тарихи жадыны сақтау міндеттері іске асады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазығұрт ауданының топонимикалық жүйесін монографиялық еңбектер мен іргелі зерттеулер негізінде кешенді қарастыру оның жай ғана географиялық белгілер жиынтығы емес, ұлттық тарихтың, мәдениеттің және тілдік сананың терең қабаттарын сақтаған бірегей жүйе екендігін дәлелдейді. Зерттеу барысында аймақ атауларының қалыптасуына физикалық-географиялық, этникалық (көне түркі, сақ, қаңлы дәуірлері) және мифопоэтикалық (Нұх пайғамбар аңызы) факторлардың кешенді әрі үздіксіз әсер еткені анықталды. Бұл көпқабаттылық Қазығұрт өңірінің тарихи-лингвистикалық маңыздылығын көрсетеді.

Алынған негізгі нәтижелер бойынша, «Қазығұрт» оронімі мифологиялық аңыздар арқылы қазақ дүниетанымында прецеденттік топоним ретінде бекіген және «киелілік», «құтқарушылық» сияқты символдық мәндерді тасымалдаушы болып табылады. Бұл феномен топонимикалық бірліктердің тек лингвистикалық құрылымынан бөлек, когнитивтік-мәдени маңызға ие екенін көрсетеді. Топонимдердің семантикалық тереңдігі халықтың табиғатпен және тарихи ортамен үйлесімді өмір сүру салтын, сондай-ақ, Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды (мысалы, «Шарапхана») айғақтайды. Е. Қойшыбаев және Б.Т. Тасполатов сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйенген талдаулар Қазығұрт топонимдерінің тарихи стратиграфиясын ашып, олардың көпқырлы этимологиясын нақтылады.

Сондай-ақ, антропотопонимдер мен тарихи ойконимдер («Қаржан», «Қақпақ») ел қорғаған батырлардың ерлігін және тарихи оқиғаларды ұрпақ жадында сақтаудың құралы болып табылады. Жалпы, Қазығұрт топонимикасын талдау оны тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, тарихи-мәдени мұра ретінде кешенді қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Осы атауларды ғылыми тұрғыдан жүйелеу, олардың түпкі мағынасын бұрмалаудан сақтау және келесі ұрпаққа насихаттау ұлттық кодымызды нығайтудың негізгі факторы. Топонимикалық деректерді терең зерттеу аймақтық өлкетануды дамытуға, білім беру бағдарламаларына енгізуге және мәдени туризмнің әлеуетін арттыруға тікелей ықпал ететін ғылыми негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аяпбекова, А.Е., Абишов, Н.У. Топонимика : монография / А.Е. Аяпбекова, Н.У. Абишов. - Анкара, 2021. - 136 б.
2. Аймұхамбет, Ж.Ә., Миразова, М.Н., Кенжалин, Қ.Қ. Шымкент қаласы аумағындағы антропотопонимикалық эпсаналардың поэтологиялық пішіні // *Turkic Studies Journal*. - 2022. - № 2. - Б. 7-21.
3. Жанұзақ, Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні / Т. Жанұзақ. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2010. - 364 б.
4. Қойшыбаев, Е. Қазақстанның жер-су аттары : сөздік / Е. Қойшыбаев. - Алматы : Мектеп, 1985. - 256 б.
5. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Т. 1 : Южно-Казахстанская область. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1994. - 375 с.
6. Тасполатов, Б.Т. Қазығұрт топонимдері : монография / Б.Т. Тасполатов. - Шымкент : Әлем баспаханасы, 2016. - 168 б.
7. Тюркская ономастика : сборник научных трудов / отв. ред. А.Т. Кайдаров. - Алма-Ата : Наука, 1984. - 248 с.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ЖАППАЙ ҚОНЫС АУДАРУЛАР: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Абдісаламұлы Ә.

Ғылыми жетекшісі: Мукатаева З.К.

Шәкәрім университеті

Электрондық адресі: abdunyrabdusalyam@gmail.com

Семей қ.

XX ғасырда көптеген көші-қон процесстері орын алды. Ал патша үкіметінде бұдан ерте бастауын алды. XIX ғасырда Патша үкіметінің әскери топ өкілдері мен казактарды Қазақ жеріне орналастырғандығы белгілі. Уақыт өте орыс шаруаларыда қазақ жеріне көшіп келе бастағандығы кейінгі XX ғасырдың 20-жылдарға дейінгі шаруалардың қазақ жеріне жаппай орналасуының алғы шарты болды. Бұл өз кезегінде XX ғасырдың бұрын-соңды болмаған демографиялық және кеңестік өзгерістерге әкелді. Қазақстан үшін бұл өзгерістер үлкен маңызға ие болды.

Айтып өткендей XX ғасыр әртүрлі миграциялық процесстерге толы болды. Бірақ халықтың қоныс аударуына себеп болған әртүрлі жағдай. Ресей империясының қоныстандыру саясаты, Столыпин реформасы, кеңестік индустрияландыру, ұжымдастыру, ашаршылық, тың және тыңайған жерлерді игеру сияқты тарихи кезеңдер қазақ жеріне әртүрлі өзге ұлт өкілдерінің қоныс аударуына себеп болды. Онымен қоса қазақ халқының өз ішіндегі еріксіз миграция - ашаршылық кезеңдегі босқындық, репрессиядан қашу, соғыс жылдарындағы эвакуация- елдің демографиясына үлкен әсерін тигізді.

Көптеп қоныс аударушылар әрине орыс шаруалары, казактар уақыт өте украин, неміс, ұйғыр, татар т.б. ұлттар болды. Сол XX ғасырдың басында орыс пен казак ұлтының қазақ жеріндегі үлесі 35% құрады. Ал дүнгендер, ұйғырлар т.б. ұлттардың саны 244 мың адам деп есептелді. Көшіп келгендер ғана емес кеткендерде болды. Мысалы, 1902 жылғы Жетісу әкімшілігінің деректері бойынша соңғы жылдары Қытай асқандардың есебі беріледі. Ол дерек бойынша 1901 жылы қытай асқандар саны 5491 адам деп есептеліп оның ішінде -198 дүнген, 1798 казак, 2495 ұйғыр деген дерек беріледі[1,123]. Бұл санаққа енбей қалғандарда болғанын ескерсек, қазақ этнодемографиясының қаншалықты өзгергенін байқай аламыз.

Осы тұрғыдан қарастыра отырып XX ғасырдағы жаппай қоныс аударулардың Қазақстан тарихына әсері орасан зор болып табылады. Сондықтан бұл зерттеу қазіргі демографиялық саясатты тиімді жоспарлау үшін, сондай-ақ тарихи-этникалық процесстерді терең түсіну үшін маңызды.

1897 ж. есеп бойынша қазақ жеріндегі халықтың жалпы саны 4 148 000 адам санын құрады. Бірақ Столыпин реформасына дейін бұл көрсеткіш басқаша өзгерді. 1861 жылы басыбайлы тәуелділіктен босаған шаруалардың легі қазақ жеріне келіп жатты. 1917 жылға дейін бұл үдеріс жалғаса берді. Патша үкіметінің шаруаларды көшірудегі мақсаты сол уақыттағы шаруалардың өздеріне берген жерді аздық етіп көтеріліс жасағандарды тыныштандыру, қазақ шаруаларын отырықшыландыру, өз ықпалын күшейту болатын. Ал 1914 жылға қарай қазақ жеріне келіп жатқан